

№1 Педагогикалық кеңес

Хаттамасы

28 тамыз 2023 жыл

Тақырыбы: «Жаңа оқу жылына қадам: мақсаттар, міндеттер және басымдықтар»

Мақсаты: Өткен оқу жылын қорытындылау және жаңа оқу жылының міндеттерін айқындау, құжаттарды бекіту

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер

1. 2022-2023 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысының есебі мен талдауы.
2. 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекіту.
3. Балабақшаның күн тәртібін, үйірмелер кестесін және тәрбиешілердің жүктемесін бекіту.
4. Нормативтік-құқықтық құжаттармен (МЖМБС, үлгілік бағдарламалар) таныстыру.

Мәселелерді талқылау барысы

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.Б.Султанова балабақшаның өткен оқу жылына талдау жасалды. Мұнда топтың жас ерекшеліктерін және балалардың әлеуметтік жағдайларын сипаттай отырып, тәрбиешілердің білімі мен еңбек өтілі және жыл бойына өткізілген топ ішілік және балабақша ішілік іс-шараларға тоқталды.

Екінші мәселе бойынша Балабақша меңгерушісі А.Б.Султанова әдістемелік нұсқау хат 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу білім беру процесін ұйымдастыруда меншік түрлері мен нысанына, ведомстволдық бағыныстылығына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдардың басшыларына, әдіскерлері мен педагогтеріне әдістемелік көмек көрсетуге арналған. Бүгінгі күні елімізде балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытумен қамту мен бірге мектепке дейінгі ұйымдар ұсынатын қызметтік сапасын арттыру үшін кешенді шаралар қабылдануда.

Үшінші мәселе бойынша Балабақша меңгерушісі А.Б.Султанова балабақшаның күн тәртібін баланың жасына сай (кіші, ортаңғы, ересек) топтарына жасалуы тиіс екені айтылды.

Төртінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.Б.Султанова сөз сөйледі. Ол педагогикалық кеңеске қатысушыларды жылдық міндеттер, жұмыстың тәрбие-білім беру процесінің негізгі бағыттары және 2023 – 2024 оқу жылына арналған жылдық міндеттерді орындау бойынша әдістемелік

